

Шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2014 жылғы 25 шілдедегі № 208 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылы 1 тамызда № 9660 тіркелді

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық Кодексі) 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 279-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 мамырдағы № 507 қаулысымен бекітілген Шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесін айқындау қағидаларының 10-тармағына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылатын импортталатын тауарлардың қосымша тізбесі бекітілсін.

2. Сыртқы сауда қызметін дамыту департаменті (Ә.Н. Әлімбетова) заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуінен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және « Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Т.М. Жақсылықовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Министр

Е. Досаев

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Э к о н о м и к а ж ә н е б ю д ж е т т і к ж о с п а р л а у
м и н и с т р і н і ң
2 0 1 4 ж ы л ғ ы 2 5 ш і л д е д е
№ 2 0 8 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Шығарылған елі бойынша акциздер салуға жатқызылған импортталатын тауарлардың қосымша тізбесі

Өзбекстан Республикасынан импортталатын тауарлар		
р/с №	Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының коды	Тауардың атауы
1	2	3
1	8703 21 1099	Ұшқынмен тұтанатын және қайталап түсетін қозғалысты іштен жану қозғалтқышы бар, қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемі 1000 текше сантиметрден аспайтын көлік құралдары
2	8703 22 1099	Ұшқынмен тұтанатын және қайталап түсетін қозғалысты іштен жану қозғалтқышы бар, қозғалтқыш цилиндрлерінің жұмыс көлемі 1000 текше сантиметрден астам, бірақ 1500 текше сантиметрден аспайтын көлік құралдары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК